

КӘСІБИ БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЕҢСЕЛІ ОРДА

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі – өзіндік бай тарихы, дәстүрлері мен жетістіктері бар, еліміздегі алғашқылардың бірі болып кәсіби мамандар даярлауды бастаған білім ордасы.

Қазақстанның кез келген аймағында біздің колледжден шыққан мамандар қызмет етуде. Колледж құрылғаннан бері педагогика саласында 6000-нан астам жастар білім алып, өмірге үлкен жолдамамен аттанды. Біздің түлектер еңбек нарығында сұранысқа ие, табысты еңбек етіп келеді.

Колледждің алғашқы ашылу тарихы бір ғасыр бұрын, сонау 20-шы жылдардан бастау алады. 1920 жылы Кеңес Одағында жергілікті ағарту бөлімдерінің жанынан сауатсыздықты жою жөнінде комиссиялар құрылған болатын. Олар халықтың сауатын ашу курстары мен мектептерді ұйымдастыру, педагог кадрларды даярлау, көмекші оқу құралдарын басып шығарумен шұғылданды. Көкшетаулық зиялы қауым өкілдері аталмыш бастамадан тыс қалмай, Бұқа тауының бөктерінде 1920 жылы алғаш рет педагогикалық курс ұйымдастырды.

Көкшедегі алғашқы кәсіби білім ордасы жайлы мұрағат материалдарында мынадай деректер кездеседі: «В городе имеется педагогический техникум, есть пять отделений, из них которых 1 отделение полностью киргизское (казахское). Всего преподавателей 13, учащихся 151, из них киргизов (казахов) 27» (Ф – 76, хр. 573).

Аталмыш курс 1923 жылдан 1937 жылға дейін педагогика техникумы болып өзгертілсе, 1928 жылы педагогикалық техникум Ақмола қаласына көшіріледі. 1932 жылдан бастап Көкшетау қазақ педагогика училищесі ретінде қайта құрылады.

Солтүстік Қазақстан облыстық халыққа білім беру бөлімінің 1941 жылғы № 242 бұйрығында Солтүстік Қазақстан облысы Еңбекші Депутаттар кеңесінің атқару комитетінің шешімі бойынша, Петропавл қазақ педагогикалық училищесін Көкшетау қазақ педагогикалық училищесімен қосылып, училище Көкшетау қаласына көшірілгені айтылған. Көкшетау қазақ педагогикалық училищесінің директорлық қызметіне М. Нугманов тағайындалды. Қазақ педагогикалық училищесі Көкшетау қаласының Карл Маркс көшесі, 55-үйде орналасты.

Орталық Партия Комитетінің Пленумы ұсынған тың игеру идеясының іске асырылуына орай, Кеңес Одағының жүргізген кеңестік теріс саясатының әсерінен 1955 жылы қазақ елінің білімі мен мәдениетіне зор үлес қосып келе жатқан училище жабылып, оқытушылар мен оқушылар ұжымы таратылып жіберіледі.

Осы 1932-1955 жылдар аралығында оқу орнында басшылық қызметте болғандар: 1932-1935 жылдарда алғашқы директор Благонравов деген азамат, 1935-1937 жылдар аралығында К. Есімбаев, 1938-1939



жылдары училище директоры болып Акчурин Ескендір Мұсаұлы, 1940-1941 жылдарда директор Елеусізов Сейітжан, 1941 жылы Нұғыманов деген азамат тағайындалады, 1942 жылдары Жантөрин, Оспанов Нұрғали деген азаматтар оқу орнына басшылық жасай отырып, оқу ордасының дамуына өзіндік үлестерін қосады. Елде бейбіт заман орнаған 1947-1955 жылдар аралығында Көкебаев Қайреш Көкебайұлы басшылық қызметін атқарған.

Желтоқсан оқиғасынан кейін, 1986-1989 жылдары қазақ халқының арасында өзінің жылдар бойы жоғалтқан ана тіліне, діліне деген серпіліс, жаңа көзқарас пайда бола бастады. Ата-аналар арасында



өз бөбектерінің ана тілінде сөйлеуіне деген қызығушылықтарының пайда болуына түрткі болды. Осыған орай жеткіншек буынға ана тілінде білім беретін кәсіби білікті педагог мамандарға деген сұраныс арта түсті.

1955 жылы жабылып қалған педагогикалық училищені қайта ашу жөніндегі игі бастаманы елдің зиялы қауымы, ұлт жанашырлары жазушы Е. Мырзахметов, Қазақстан Республикасы Ақындар Одағының сол кездегі президенті К. Шәкеев, ақын, жазушы Т. Қажыбаев, облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің редакторы, жазушы-журналист Ж. Мусин, дербес «Оқжетпес» газетінің редакторы Н. Ысқақов, облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы О. Ахметов көтеріп, Үкімет және Облыстық Кеңес депутаттарынан қолдау тапты. Көкшетау облыстық кеңесінің 1990 жылдың 5 маусымындағы № 12/2 қаулысына сәйкес Қазақ КСР халыққа білім беру министрлігінің 1990 жылғы 15 маусымдағы № 341 бұйрығымен Көкшетау қазақ педагогика училищесі болып қайта ашылды. Көкшетау облыстық халық депутаттары кеңесінің атқару комитетінің 1990 жылғы 30 мамырдағы № 175-8 шешімімен педагогикалық училищені орналастыру үшін ауданы 2700 шаршы метр оқу корпусы және 216 орындық жатақхана бөлінгені назарға алынсын. Көкшетау педагогикалық училищесіне күндізгі оқу нысаны бойынша 1990 жылға арналған оқушыларды қабылдау жоспары 0307 – бастауыш сынып-

тарда оқыту мамандығы бойынша 60 адам, және 0308 – мектепке дейінгі тәрбиелеу мамандығы бойынша 60 адам орта мектеп базасында қабылданды. Оқу орны алғаш рет бухгалтерлер даярлайтын мектеп ғимаратының 4-қабатында орналасты.

1990 жылдан колледждің алғашқы директоры қызметін, Көкшетау облыстық партия комитетінде лауазымды қызметтер атқарған іскер басшы, білікті маман, ұлтжанды азамат Мұрат Ідірісұлы Ідірісов тағайындалды (1991-1993 жж.). Училище директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін Щучье педучилищесінде 5 жыл тәжірибе жинақтаған білікті маман Ө. Ш. Төлегенов атқарды (1991-1992 жж). 1992 жылы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып Г. З. Исабекова тағайындалды. 1993 жылы Нұртас Ахатұлы атқарды. 1993 жыл училище директоры М. І. Ідірісовтың мәдениет басқармасының бастығы қызметіне ауысуына байланысты училище директоры болып Н. Ахат тағайындалды.

1993-2007 жылдар аралығында оқу бөлімін Жүнісова Ақжібек Қабдәшқызы басқарды. 2007-2019 жылдарда Т. Б. Сәбитова, бүгінде Ө. Қ. Рақымжанова басқарып келеді.

Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін атқарғандар: 1990-1992 жылдарда Н. А. Ахат, 1992-1993 жылдарда Ж. Ш. Төлегенов, 1993-1997 жылдары А. Н. Нұрмағанбетова, 1997-1998 жылдары Ғ. Е. Омар, 1998-1999 жылы Қ. Шаймерденова, 1999-2000 жылдары Ж. Т. Каринов, 2000-2009 жылдар аралығында Ө. К. Сембаева,

2009-2014 жылдары Б. Т. Тәткенов, 2014 жылы А. С. Әйтен, 2014-2015 жылдары А. Ғ. Рахым, 2015-2017 жылдары Е. Дәдібасқызы, 2017-2018 жылдары Ө. З. Заманбекова, 2019 жылдан бастап Д. Н. Илияс басқарып келеді.

Директордың практика жұмысы бойынша орынбасары қызметін 1990-1991 жылдары Д. Қ. Әубәкірова, 1991-2008 жылдары А. Б. Жанәділ, 2008-2010 жылдары А. Қ. Бабаева, 2010-2015 жылдары Ө. К. Сембаева, 2015-2016 жылдары Е. Б. Бегайдаров, 2017 жылдан бастап Қ. С. Мұқышева атқарып келеді.

1995 жылы 11 желтоқсанда № 312 бұйрық № 1 қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің колледж болып аты өзгертілген жоғары кәсіптік училищелерінің тізбесіне сәйкес Көкшетау педагогикалық училищесі, Көкшетау қазақ педагогикалық колледжі болып өзгертілді.

1996 жыл 12 шілдеде № 897 бұйрығына сәйкес ҚР Білім және мәдениет мекемелеріне есімдер беру туралы және олардың атауын өзгерту туралы ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша Көкшетау облысында орналасқан Көкшетау қазақ педагогикалық колледжіне белгілі жазушы, журналист Жанайдар Баймырзаұлы Мүсиннің есімі берілді.

Колледж 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын ретінде Ақмола облыстық білім беру басқармасының басшылығына қарайды.

2010-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік «Балапан» бағдарламасын және мектепке дейінгі ұйымдарды білікті кадрлармен толық қамтамасыз ету міндеттерін іске асыру мақсатында Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі нәтижелі жұмыс істеуде.

Осы уақыт аралығында инспекциялық аудиттен, 5 мамандық, 7 біліктілік бойынша мамандандырылған аккредиттенуден өтіп, осы арқылы білім беру сапасының кәсіби білім стандарттарына сәйкестігін дәлелдеді.

2016 жылы колледждің педагогикалық ұжымы қолданбалы бакалавриат және оқытудың кредиттік-модульдік жүйесі бойынша оқыту курстарынан өтті.

Республика көлеміндегі педагогикалық колледждердің арасында алғашқылардың бірі болып, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» және «Бастауыш білім беру» мамандықтары бойынша қолданбалы бакалавриат жүйесінде оқытуды қолға алып, бұл тұрғыда өңіріміздегі жоғарғы оқу орны – Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетімен меморандумға қол қойып, ынтымақтастық орнату аясында іс-шаралар жоспарланды. Қолданбалы бакалавриат бойынша 2019-2020 оқу жылында алғашқы түлектер шығарылды.

2017 жылы 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандықтарының 4 біліктілігі бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің үлгілік оқу бағдарламалары әзірленіп, республикадағы педагогикалық, гуманитарлық колледждерге таратылды.

2017 жылдың мамыр айында «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ басшылығының қатысуымен «Педагог мамандарды даярлаудың жаңа бағыттары» атты республикалық семинар-практикумы өткізілді.

2017 жыл 17 мамырда республикада алғашқы болып Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ретінде өзгертілді.

Колледж осы аралықтарда күрделі жөндеуден өтті. Оқу орнының материалдық-техникалық базасы заманауи үлгіде жасақталған. Колледжде бес «Smart аудитория», үш IT-класс жабдықталған. Сондай-ақ студенттердің пайдалануына студенттік жатақхана, «Абай атындағы электронды-ресурстық кітапхана», «ENERGY» фитнес

залы, релаксация залы, би залы, массаж бөлмесі, медициналық көмек орталығы, «PRESTIJ» кафесі жұмыс істейді.

2020 жылы колледж ұжымына Қазақстан Республикасының ISO 9001:2015/ҚР СТ ISO 9001-2016 ұлттық стандартының талаптарына сәйкес жүйелілік менеджментін жетілдіру бойынша семинарлар өткізілді. Биылғы оқу жылында Институционалды және кәсібилендірген аккредиттеуден өту жоспарлануда.

Колледжде бүгінде барлығы 89 оқытушы қызмет етеді, оның ішінде 65% оқытушы жоғары және I санатты, екі филология ғылымының кандидаты, екі PhD докторанты, 71% ғылым магистрі мен магистранттар білім береді.

Алдыңғы қатарлы колледж оқытушылар орасан зор педагогикалық қызметі үшін мемлекет тарапынан үлкен марапаттауларды иеленіп жүр. Үздік марапаттаулар дерегіне сүйенсек, «Құрмет» ордені – 1, «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі – 4, «Ы. Алтынсарин» төсбелгісі – 6, «Еңбек ардагері» – 1, «Мәдениет саласының үздігі» – 1, «Үздік Ұстаз» ПФА төсбелгісі – 6, «Білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі – 9, «Үздік педагог» төсбелгісі – 5 және т.б.

Корпоративтік басқару бойынша әлемге танымал сарапшы Джон Вон Эйкен «Жетістік – бұл үздіксіз даму және өз және мақсаттарына жету үшін ұмтылыс» деп айтқандай, республикалық кәсіби білім беруде өзіндік қолтаңбасы бар оқу орнымыздың үлкен жетістіктері мен нәтижелері көп. Айталық, «WorldSkills Kazakhstan-2019» Ұлттық Чемпионатында колледж студенттері алтын және күміс медальға ие болды. Колледж оқытушылары «Үздік педагог» республикалық байқауында бас жүлдені иеленіп жүр. «ҚР колледждерінің ТОП-100 студенттері» жобасында үздіктер қатарына енді. 2020 жылы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үздік ұйым» байқауында колледжіміз бас жүлдеге ие болды. Оқытушыларымыздың оқу құралдары, монографиялық еңбектері Қарағанды, Нұр-Сұлтан, Алматы, Көкшетау қалаларының ірі баспаларынан жарық көруде. 2020 жылдың маусым айында оқу орнымызда Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Абай мұрасы және қазіргі білім беру» тақырыбында

халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі жыл сайын білім беруге қатысты шет мемлекеттермен тығыз қарым-қатынасты нығайтып отырады. Айталық, Ұлыбритания, Ресей, Башқұртстан, Қырғызстан, Финляндия мемлекеттерімен ынтымақтастық меморандумдар жасалып, колледж оқытушылары озық тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік практикалық тағылымдамалардан өтіп жүр.

Осылайша, оқытушылардың толыққанды кәсіби қызмет істеуіне барлық жағдай жасалған.

Бүгінгі таңдағы ең өзекті міндеттің бірі – еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын, бәсекелестікке қабілетті кәсіби мамандар даярлауда, жеке тұлғаның әлемдік өркениетке ұмтылуына, Қазақстан Республикасының іргелі ел ретінде танылуына үлес қосатын білімді, білікті, саналы азаматтар тәрбиелеуде колледж ұжымының қосар үлесі зор, әлі де алар асулар алда.

**АХАТ Нұртас Ахатұлы,
Ж. Мусин атындағы Көкшетау
жоғары қазақ педагогикалық
колледжінің директоры, филология
ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Педагогикалық
Ғылымдар Академиясының
корреспондент мүшесі**

АННОТАЦИЯ ○

Директор Кокшетауского высшего женского педагогического колледжа им. Ж. Мусина Нуртас Ахат рассказывает об одном из первых учебных заведений в казахской степи. История колледжа, изначальной целью которого была подготовка кадров для ликвидации безграмотности населения, многогранна. С каждой эпохой учебное заведение только крепло и стало кузницей подготовки педагогических кадров. Сегодня колледж идет в ногу со временем и ставит перед собой высокие цели.